	төңірегіне қарауға да болады. Міне, белгіленген уақыт аяқталды. Айып ұпайларын ең аз жинаған команда жеңген болып танылады. Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: Ойын алаңын тазалау. Еңбексүйгіштікке, тазалыққа баулу. Жеке жұмыс: Көктем туралы тақпақ жаттату. Көктем келді далаға, Көктем келді көшеге. Көктем келді ауылға, Нұрын төкті әлемге. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайтып, толық сойлеуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту. Баланың өзбетінше ойыны: «Қуғыншы» «Ақ серек-көк серек» Тренинг: «Достық шаңырағы»	тастарды әуеге атасын да, оларды қос алақаныңмен қағып аласың. Осы бес кезеңнен өткеннен кейін кімнің қолында көп тас қалса, сол жеңіске жеткен болып есептеледі. Еңбек: Бөбекжай ауласын қоқыстардан тазалау. Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу. Жеке жұмыс: «Көктем келді» Келді көктем далаға Келді сұлу шағала. Аспандағы ақ құстар, Айдын көлді арала. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын байыту, бала тілінің грамматикалық құрылысын қалыптастыру, тілдік шығармашылыққа тұрақты қызығушылығын тәрбиелеу, балаларға тақпақ үйрету арқылы алғашқы ойлау операциясын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: Өткеншек тебу. «Ку түлкі, «Қуғыншы»	адам қамқорлығына зәру екендіктерін түсіндіру. Жеке жұмыс: Балаларға тырна туралы өтірік өлең жаттату. Таукүдірет әзілдеп. Тырнаға «ән сал», -дейді. Тоқылдауық: «Азық жеп, Тойыңқырап ал», -деді. Мақсаты: Сөздік қорларын байыту, дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: «Қаздар-қаздар» «Қуыспақ» Тренинг: «Шаңырақ»	-Мен ғой, кешірім өтінемін,- дейді жымыып. Ойын солай жалғаса береді. Еңбек: Теректерге су құюға көмектесу. Мақсаты: Еңбекке деген ынтасын кеңейту, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: «Ағаштар» тақпағын жаттату. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Теректің түрлері туралы алған мәліметтерін саралап, қорытындылау, олардың адам мен табиғатқа тигізер пайдасын ұғындыру. Мақсаты: Балаларға табиғат пен адамдар арасындағы байланыс туралы түсігіктерін бекіту, қоршаған ортаның сұлулығын көре білуге тәрбиелеу. Баланың өзбетінше ойыны: «Кім тез жинайды?» «Жапырақ жинау» Тренинг: «Біз біргеміз»	тыныш тұрған ойыншыны да ұстап алуына болады. Ұсталынып қалған ойыншы «соқыртекеге» айналып, ойы жалғаса береді. Еңбек: Үлкендерге ауланы жинауға көмектесу. Мақсаты: Балаларды үлкендермен бірге шамасына қарай бірлесіп еңбек етуге арластыру, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрену. Еңбек-ширатады, Өмір үйретеді. Еңбек етсең еріңбей, Тояды қарның тілеңбей. Еңбек-бәрін жеңбек. Еңбекпен тапқан нан тәтті. Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын кеңейту, тілдің грамматикасын дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: «Тез қуып жет» «Ерке» Тренинг: «Дос болайық, бәріміз!»
Балалардың қайтуы	үйге Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». білдіру	Дербес еркін ойын әрекеттері	Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Дербес еркін ойын әреттері	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС «Samruk Kids Club» балабақшасы

Балалардың жасы: «Күншуақ» орта топ

Балалардың жасы- 3 жастағы балалар.

Жоспардың құрылу кезеңі 15.04.-19.04.2024

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Д/О «Жаңылтпаш» Міндеті: жаңылтпаш, айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту (Сөйлеуді дамыту)	Д/О «Жаңылтпаш» Міндеті: жаңылтпаш айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту (Сөйлеуді дамыту)	Д/О «Санамақ» Міндеті: санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту (Сөйлеуді дамыту)	Д/О «Санамақ» Міндеті: санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту (Сөйлеуді дамыту)	Д/О «Жаңылтпаш» Міндеті: жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. (Музыка)
Д/О «Маракас» Міндеті: Балаларды музыкалық аспаптармен: маракас сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру (Музыка)	Д/О «Барабан» Міндеті: Балаларды музыкалық аспаптармен: барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру (Музыка)	Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру (Музыка)	Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру (Музыка)	Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру (Музыка)	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға күн тәртібін сақтау туралы; баланың д/с мінез-құлық ережелері туралы еске салу.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О «Оң-сол» Міндеті:Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол.(математика негіздері) Д/О «Табиғат бұрышын мекендеушілері» Міндеті:Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	Д/О «Тәулік бөліктері» Міндеті:Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке (математика негіздері) Д/О «Табиғат құбылыстары» Міндеті:табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. (қоршаған ортамен таныстыру)	Д/О «Тәулік бөліктері» Міндеті:Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке (математика негіздері) Д/О «Табиғат құбылыстары» Міндеті:табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	Д/О «Салыстыр» Міндеті:Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. (математика негіздері) Д/О «Әдептілік әлемі» Міндеті:Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). (қоршаған ортамен таныстыру)	Д/О «Салыстыр» Міндеті:Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. (математика негіздері) Д/О «Әдептілік әлемі» Міндеті: Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу \Затпен 1. қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); 2. заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; 3. допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; 4. аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше;				

	5. иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). 6. отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, 7. таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. 8. Тыныс алу алу жаттығуы (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, кол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	ДО «Табиғат мекендеушілері» Міндеті:Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету (қазақ тілі)	ДО«Айна» (халық ертегісі) Міндеті: Таныс ертегілер мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу (қазақ тілі)	ДО «Тәулік бөліктері» Міндеті: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету (қазақ тілі)	ДО«Жақсы деген немене, жаман деген немене» Міндеті: шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу (қазақ тілі)	Шалқан (орыс халық ертегісі) Міндеті: Таныс ертегілер мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу(қазақ тілі)
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты: Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. ЖДЖ: Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты: Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында аяқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу,	Музыка Тақырыбы: «Аспаптың даусын ажырат» ойыны Мақсаты: Балаларды музыкалық аспаптардың тембрын ажыратуға баулу, есту қабілеттерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру. 1. Балаларды музыкамен қарсы алу. Ойын: карточкада пианино, скрипка, гитара, сырнай, домбыра, жетіген, қобыз, шертер аспаптарының суреттері бейнеленген. Ұнтаспада аспаптардың орындауында пьесадан үзінді орындалып, балалар аспаптың үніне сәйкес суретін көрсетеді. 2. Музыка тыңдау. Ал енді сендер ән тыңдаңдар.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты: Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. ЖДЖ: Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде	Қазақ тілі Тақырыбы: Табиғат құбылыстары Міндеті: Таныс ертегілер мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу

	Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. Ойын: «Апандағы аю» ойынын ойнау. Қорытынды: «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу.	саусақтарын ашып жұму. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшымен жүгіру. Ойын: «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. Қорытынды: Тыныс алу жаттығуын орындау.	«Балапан» әні. «Шөжелер» биін таныс би қимылдарымен билету.	отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Ойын: «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. Қорытынды: «Бокс» тыныс алу жаттығуы	
2- таңғы ас	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Бақылау: Бұлтты күнді бақылау. Мақсаты: Балаларға бұлттың қалай түзілетінің, одан кейін жаңырдың жауатынын, көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстрының өзгерістерін түсіндіре отырып бақылату. Қимыл ойындар: «Допты ұста» Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу.	Бақылау: Аққайын ағашын бақылау. Мақсаты: Балаларға аққайың ағашының елімізде көп таралған сәнді, сымбатты, биік бойлап өсетінін, емдік қасиетін, бүршіктерінен дәрі-дәрмек жасалатынын туралы түсінік беру және оның пайдасын ұғындыру. Қимыл ойындар: «Түйілген орамал» Ойын мақсаты: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын	Бақылау: Шөптерді бақылау. Мақсаты: Көктем мезгіліндегі жаңадан шығып келе жатқан шөптерді бақылата отырып, оларды жұлмау керектігін үйрету, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қамқорлық сезімдерін ояту. Қимыл ойындар: «Доп шеңберде» Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулып ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойын шарты: Балалар жерге	Бақылау: Жерді бақылау. Мақсаты: Балаларға жер туралы алғашқы түсінік беру және жер анаға құрметпен қарауға тәрбиелеу, жердегі топырақтың түсін, түрін айырып, оның адамға тигізер пайдасы туралы мәлімет беру, жерден шығар өнімнің пайдасын ұғындыру. Қимылды ойындар: «Сақина кімде?» Ойын мақсаты: Балаларға сақтылықты, жылдамдықты үйрете отырып, татулыққа, елсенділікке баулу.	Бақылау: Жыл құстарының келуін бақылау. Мақсаты: Балаларға жыл құстары туралы мәлімет беру, олардың түрлерімен таныстыру, құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу, табиғатқа деген мейірімін ояту, адамгершілікке баулу. Қимылды ойындар: «Жақсы және жаман» Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту, өзбеттерімен ойлап,

Ойын шарты: Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып «Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. «Балабақша». Ойын мақсаты: Балаларды еңбекті құрметтей білуге тәрбиелеу. Ойын шарты: 1-бала тәрбиеші, 2-сі күтуші, 3-сі мейіркеш, 4-сі аспазшы рөлін атқарады. Тәрбиеші: «Бүгін Балабақша» ойынын ойнаймыз, күнделікті бақшада не істейсіңдер, соны ойын арқылы бейнелейсіңдер», - дейді. Тәрбиеші ойынға басшылық жасап ойынды әрі қарай өрбітеді. Таңертең бақшаға келген баланы «мейіркеш» қабылдайды, тазалығын қарайды. Тәрбиеші ойыншықтарды ұсынып оларды ойнатады. Аспазшы рөліндегі бала	дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойын шарты: Ойын қызықты өтуі үшін ойыншылардың саны 5-6-дан аспағаны жөн, оның біреуі санамақ арқылы бастаушы болып белгіленеді. Бұдан кейін алаңға аумағы үлкен шеңбер сызылады. Ойыншылар сол шеңбердің ішінде тұрады. Олар хормен 3-ке дейін санайды. «Үш» деген кезде жан-жаққа қаша жөнеледі, бірақ шеңберден шықпайды. Бастаушы қолында орамалы бар ойыншыны қуып жетіп, орамалын алып қоюы керек. Бірақ ол оңай емес, бастаушы жете бергенде ойыншы қолындағы орамалды басқа бір ойыншыға бере салуы, орамал сөйтіп қолдан-қолға көшіп отыруы мүмкін. Егер бастаушы ептілік көрсетіп орамалды қалайда қолға түсірсе, одан айырылып қалған ойыншы бастаушының орнын алмастырады. «Арқан ойын». Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа баулып,	дөңгеленіп отырады да, допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші балаларға екі қолымен қалай және қай бағытқа итеруді үйретеді. 8-10 баладан құрылған топта ойын қызықты да ширақ өтеді. «Тапқыш». Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа баули отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты: Екі командаға бөліп, араларынан ойын жүргізушіні сайлап алу керек, оны санамақ арқылы сайлаған жөн. Екі сызықты бойлап бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі команданың ара-қашықтығы шамамен екі метрдей болады. Жүргізуші командалардың бірінің шеткі ойыншысына кез келген сөздің басын, мәселен, » Қар» деген сөзді айтып допты лақтырады. Оны қағып алған ойыншы «..быз» деген жалғасын айтып, допты әрі қарай қарсыласына лақтырады. Ойын осылайша жалғаса береді. Жүргізуші жауап беру барсындағы кібіртіктің бәрін байқап, сол үшін айып ұпайын белгілеп отырады. Ол сондай-ақ ойын тәртібінің сақталуын, доптың дәл лақтырылуын, сыбырлап,	Ойын шарты: Балалар қолдарын алдарына ұстап, бір-бірінен қол созым жерде отырады. Жүргізуші қолындағы «сақинаны» ұсынған алақандарға қалдырып кеткен сыңай таңытып, ойыншыларды жағалап жүрді. Бәлкім «сақина» бұл кезде біоәуінің алақанына салынып та қойған болар. Бірақ мұны, жүргізуші де, «сақина» алақанына салынған ойыншы да басқаларына білдірмеуі керек. Осылай жүргізуші ойыншыларды бір немесе бірнеше рет жағалап айналып шығады. Енді бір сәтте ол: «сақина кімде?» деп айқай салады. Осы сәтте қолында «сақинасы» бар ойыншы орнынан атылып тұрып ортаға жетеді. Ал бірақ ол оңай емес. Себебі ойынның шарты бойынша әр ойыншы өзінің сол жағындағы көршісінің әрбір қимылы мен қас-қабағын бағып, орнынан тұрып, ортаға кетіп қалмауын қадағалап отыруы керек. Тұрып бара жатса, иығынан басып, ұстап қалуы тиіс. Алайда, егер «сақина» иесі көршісін қапы қалдырып, ортаға жетіп үлгерсе, онда соны қолдан шығарып алған көршісі ойынды әрі қарай жалғастырады. «Қақпанға түсіру». Ойын мақсаты: Шапшаңдыққа,	қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты: Теңіз-жақсы, себебі..(теңізде демалуға болады, теңіз суының емдік қасиеті бар, теңізде адамдар демалыс күндерін өткізеді, теңіз суы ащы, бірақ пайдалы). Теңіз-жаман, себебі... (суық суда шынықпаған адам тез ауырып қалуы мүмкін, малту білмесе батып кетуі, кемелер соғылуы мүмкін, теңізде акулалар өмір сүреді...т.б.) Ойын осылай жалғаса береді. «Аквариумдағы балықтар». Ойын мақсаты: Балалардың зейінін қалыптастыру, рольге енгізе отырып ойнату. Ойын шарты: Балалар аквариумдағы балықтардың роліне енеді, аквариумдағы балықтардың қимыл-қозғалысын, суда жүзгенін бейнелейді. -Балық болып жүземіз, шынығамыз суда біз! (қолдарын төмен қаратып қимылдатады) Шынықсақ біз бәріміз, шымыр болып өсеміз! (балалар қимылмен көрсетеді)
--	---	---	--	--

ойыншық ыдыс-аяқтарды үстелге қойып, балаларды тамақтануға шақырады. Балалар қолдарын жуған боп тамаққа отырады. Күнделікті режим сәттерімен әрі қарай ойынды өрбітеді. Еңбек: Ағаш қалдықтарын жинау. Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балаларға «бұлт, күн» деген сөздерді үш тілде қайталату, бұл туралы жұмбақтар жаттату. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын байыту, жұмбақтарды шешу арқылы логикалық ойлауын дамыту. Баланың өзбетінше ойыны: «Машина» «Түлкі мен қаздар» Тренинг: «Тамшылар»	достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Бұл ойын үшін арқан қажет. Алаңға радиусы арқанның ұзындығындай шеңбер сызылады. Санамақ арқылы бастаушы белгіленеді. Бастаушы шеңбердің дәл ортасында тұрып арқанды бір ұшынан ұстап тізеден келетіндей биіктікте біресе жай, біресе қаттырақ шеңбер үстімен айналдыра бастайды. Ойыншылар арқанның үстінен аттап немесе секіріп, оны денесіне тигізбей өткізіп жіберуге тырысады. Арқан тиіп кеткен бала келесі ойыншымен орнын алмастырады. Еңбек: Қайың ағашының түбін қопсыту. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, жинақылыққа, еңбек ету ниетіне тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балаларға аққайың туралы өлең жолдарын жаттату. Алатауды бөктерлеп, Өсіп тұрған аққайың. Жапырағы көкпеңбек, Жазылады жаз сайын. Мақсаты: Сөздік	демеп жіберушінің болмауын, белгіленген уақыттың өтіп кетпеуін қадағалайды. Ойын өздерінің алдын ала жасалған келісімдері бойынша 3-5 минутқа созылуы тиіс. Міне, белгіленген уақыт аяқталды. Айып ұпайларын ең аз жинаған команда жеңген болып танылады. Еңбек: Ауладағы сынған бұтақтарды жинату. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Табиғат-біздің досымыз» деген тақырыпта әңгімелесу. Мақсаты: Сөйлемде толық айтуға үйрету, сөздік қорларын байыту, ойлау қабілетін жақсартып, зейінін, қиялын дамыту. Баланың өзбетінше ойыны: «Ақ серек-көк серек» Құмнан үйлер құрастыру. Тренинг: «Сиқырлы айналу.»	ептілікке, мықтылыққа баулу, ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойын шарты: Бұл қызықты ойын көп уақыт алмайды. Күш жағынан өзара шамалас балалар екі топқа бөлінеді, ортадағы сызықтың екі жағына, бір-біріне қарама-қарсы тұра қалындар. Тұрдыңдарма? Ендеше әрқайсысының өз жұптарының қолдарынан ұстап, өздерінің тұрған жаққа қарай тартыңдар. Кімде-кім өзіне қарай тартып алса, сол топ жеңімпаз атанады. Еңбек: Ойын алаңындағы құмды көтеру. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Ә.Табылдының «Бидай» өлеңін жаттату. Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма симаймын. Мақсаты: Сөздік қорын байыту, тілдік грамматикасын дұрыс қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: «Қуып жет» Тренинг: «Тілек шоғы».	Еңбек: Ауладағы сынған бұтақтарды жинату. Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Балаларға құстар туралы жұмбақ жаттату. 1.Күндіз тіпті ұшпайды Түнде тышқан ұстайды, Көзі шамға ұқсайды (жапалақ) Орманда жоғары, Ағашқа қонады. Тұмсығын балта етіп, Тоқ-тоқ-тоқ соғады. (тоқылдақ) Құйылыжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін. (қарлығаш) Мақсаты: Балалардың сөздік қорытып молайтып, толық сөйлеуге үйрету. Баланың өзбетінше ойыны: «Аю жүрген орманда» Тренинг: «Дос болайық бәріміз»
--	--	---	---	---

		қорларын байыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуіне мүмкіндік туғызу. Баланың өзбетінше ойыны: 1. «Ұшты-ұшты» 2. Әткеншек тебу.			
Серуеннен оралу	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.				
Түскі ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей				
Күндізгі ұйқы	ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, баулу				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау				
Бесін ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы:«Ана» (өлең) Ө Тұрманжанов Міндеті: Балаларды та шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету (көркем әдебиет) Тақырыбы:Әшекей бұйымдар Сурет салу МіндетіБір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып,	Тақырыбы:«Айна» (халық ертегісі) Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. (көркем әдебиет)	Тақырыбы:«Құлыншақ» (өлең) М.Жаманбалинов Міндеті: Балаларды тақпақтар жатқа айтуға үйрету (көркем әдебиет) Тақырыбы: Әшекей бұйымдар Сурет салу Міндеті: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану	Тақырыбы:«Көктем өрнегі» Міндеті: Кітаптарға қызығушылықты ояту (көркем әдебиет) Тақырыбы:Әшекей бұйымдар Сурет салу МіндетіСурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету Мүсіндеу	Тақырыбы:Шалқан (орыс халық ертегісі) Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.(көркем әдебиет) Тақырыбы: Әшекей бұйымдар

	қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету Мүсіндеу Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік) таныстыру Жапсыру Міндеті: Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру Құрастыру Міндеті: Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.	Тақырыбы: Әшекей бұйымдар Сурет салу Міндеті: тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру Мүсіндеу Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (жүзік,) таныстыру Жапсыру Міндеті: Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыру Құрастыру Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату	Мүсіндеу Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (балдақ,) таныстыру Жапсыру Міндеті: ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру Құрастыру Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру	Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (сырға,) таныстыру Жапсыру Міндеті: ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру Құрастыру Міндеті: Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру	Сурет салу Міндеті: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдану ды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету Мүсіндеу Міндеті: Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (тұмар) таныстыру Жапсыру Міндеті: ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру Құрастыру Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату
Балалармен жеке жұмыс	<u>САҒДАРХАН АРУНАЗ</u> Саусақ жаттығуы. Жұмбақтар, жаңылтпаштар Мақсат-міндеттер. Жұмбақтар, жаңылтпаштар айтқызу. Балалардың тілін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем	" АБАЙҚЫЗЫ ТӨРАЙЫМ Саматқызы Көктемде не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қыстың белгілері туралы ойларын дамыту. Барысы: ойын "Жыл мезгілдері" үстел ойыны	<u>ИКРАМ АЙША</u> "Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына жерде	<u>ХАЙРАТҰЛЫ МҰСТАФА</u> "Жаңылтпаштар". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға машықтандыру. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар сюжеті бойынша суреттер.	<u>МЫСЫР АЯЛА</u> "Балапан" тақпағын айтқызу. Мақсат-міндеттер. Бала тілін дамыту. Тақпақтар айтқызу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	әдебиет)	арқылы ойналады. Балалар қыста бейнеленген үлкен суреттерге жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай суреттерді алады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	жыл мезгілдеріне тән белгілерін білдіретін суреттер тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Балалар суреттерді тез қойып шығады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық	Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.. табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.				
Серуен	Бақылау: Бұлтты күнді бақылау. Мақсаты: Балаларға бұлттың қалай түзілетінің, одан кейін жаңырдың жауатынын, көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстрының өзгерістерін түсіндіре отырып бақылату. Қимыл ойындар: «Допты ұста» Ойын мақсаты: Балаларды шапшандылыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу, ойын әрекеті арқылы татулыққа, белсенділікке тәрбиелеу. Ойын шарты: Тәрбиеші ашық түсті үлкен допты алады да 2-3 балаға ойнауға ұсынады. Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы 80-100 см жерде тұрады. Тәрбиеші әрқайсысына кезек-кезек доп лақтырып	Бақылау: Аққайын ағашын бақылау. Мақсаты: Балаларға аққайың ағашының елімізде көп таралған сәнді, сымбатты, биік бойлап өсетінін, емдік қасиетін, бүршіктерінен дәрі-дәрмек жасалатынын туралы түсінік беру және оның пайдасын ұғындыру. Қимыл ойындар: «Түйілген орамал» Ойын мақсаты: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшандыққа баулу. Ойын шарты: Ойын қызықты өтуі үшін ойыншылардың саны 5-6- дан аспағаны жөн, оның біреуі санамақ арқылы бастаушы болып	Бақылау: Шөптерді бақылау. Мақсаты: Көктем мезгіліндегі жаңадан шығып келе жатқан шөптерді бақылата отырып, оларды жұлмау керектігін үйрету, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін, қамқорлық сезімдерін ояту. Қимыл ойындар: «Доп шеңберде» Ойын мақсаты: Балаларды шапшандыққа, ептілікке баулып ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойын шарты: Балалар жерге дөңгеленіп отырады да, допты бір-біріне домалатады. Тәрбиеші балаларға екі қолымен қалай және қай бағытқа итеруді үйретеді. 8-10 баладан құрылған топта ойын қызықты да ширақ өтеді.	Бақылау: Жерді бақылау. Мақсаты: Балаларға жер туралы алғашқы түсінік беру және жер анаға құрметпен қарауға тәрбиелеу, жердегі топырақтың түсін, түрін айырып, оның адамға тигізер пайдасы туралы мәлімет беру, жерден шығар өнімнің пайдасын ұғындыру. Қимылды ойындар: «Сақина кімде?» Ойын мақсаты: Балаларға сақтылықты, жылдамдықты үйрете отырып, татулыққа, елсенділікке баулу. Ойын шарты: Балалар қолдарын алдарына ұстап, бір-бірінен қол созым жерде отырады. Жүргізуші қолындағы «сақинаны» ұсынған алақандарға қалдырып кеткен сыңай таңытып, ойыншыларды жағалап жүрді.Бәлкім	Бақылау: Жыл құстарының келуін бақылау. Мақсаты: Балаларға жыл құстары туралы мәлімет беру, олардың түрлерімен таныстыру, құстар туралы түсініктерін кеңейту, құстардың пайдасына тоқталу, табиғатқа деген мейірімін ояту, адамгершілікке баулу. Қимылды ойындар: «Жақсы және жаман» Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын байыту, өзбеттерімен ойлап, қойылған сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты: Теңіз-жақсы, себебі..(теңізде демалуға болады, теңіз суының емдік қасиеті бар, теңізде адамдар демалыс күндерін өткізеді, теңіз суы ащы, бірақ

«Ұста» деген белгі береді. Балалар допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады. Осылайша ойын жалғаса береді. «Балабақша». Ойын мақсаты: Балаларды еңбекті құрметтей білуге тәрбиелеу. Ойын шарты: 1-бала тәрбиеші, 2-сі күтуші, 3-сі мейіркеш, 4-сі аспазшы рөлін атқарады. Тәрбиеші: «Бүгін Балабақша» ойынын ойнаймыз, күнделікті бақшада не істейсіндер, соны ойын арқылы бейнелейсіндер», -дейді. Тәрбиеші ойынға басшылық жасап ойынды әрі қарай өрбітеді. Таңертең бақшаға келген баланы «мейіркеш» қабылдайды, тазалығын қарайды. Тәрбиеші ойыншықтарды ұсынып оларды ойнатады. Аспазшы рөліндегі бала ойыншық ыдыс-аяқтарды үстелге қойып, балаларды тамақтануға шақырады. Балалар қолдарын жуған боп тамаққа отырады. Күнделікті режим сәттерімен әрі қарай ойынды өрбітеді.	белгіленеді. Бұдан кейін алаңға аумағы үлкен шеңбер сызылады. Ойыншылар сол шеңбердің ішінде тұрады. Олар хормен 3-ке дейін санайды. «Үш» деген кезде жан-жаққа қаша жөнеледі, бірақ шеңберден шықпайды. Бастаушы қолында орамалы бар ойыншыны қуып жетіп, орамалын алып қоюы керек. Бірақ ол оңай емес, бастаушы жете бергенде ойыншы қолындағы орамалды басқа бір ойыншыға бере салуы, орамал сөйтіп қолдан-қолға көшіп отыруы мүмкін. Егер бастаушы ептілік көрсетіп орамалды қалайда қолға түсірсе, одан айырылып қалған ойыншы бастаушының орнын алмастырады. «Арқан ойын». Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа баулып, достыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ойын шарты: Бұл ойын үшін арқан қажет. Алаңға радиусы арқанның ұзындығындай шеңбер сызылады. Санамақ арқылы	«Тапқыш». Ойын мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа баули отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты: Екі командаға бөліп, араларынан ойын жүргізушіні сайлап алу керек, оны санамақ арқылы сайлаған жөн. Екі сызықты бойлап бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі команданың ара-қашықтығы шамамен екі метрдей болады. Жүргізуші командалардың бірінің шеткі ойыншысына кез келген сөздің басын, мәселен, »Қар» деген сөзді айтып допты лақтырады. Оны қағып алған ойыншы «..быз» деген жалғасын айтып, допты әрі қарай қарсыласына лақтырады. Ойын осылайша жалғаса береді. Жүргізуші жауап беру барсындағы кібіртіктің бәрін байқап, сол үшін айып ұпайын белгілеп отырады. Ол сондай-ақ ойын тәртібінің сақталуын, доптың дәл лақтырылуын, сыбырлап, демеп жіберушінің болмауын, белгіленген уақыттың өтіп кетпеуін қадағалайды. Ойын өздерінің алдын ала жасалған келісімдері бойынша 3-5 минутқа созылуы тиіс. Міне, белгіленген уақыт аяқталды. Айып ұпайларын ең аз жинаған команда жеңген болып танылады.	«сақина» бұл кезде біоеуінің алақанына салынып та қойған болар. Бірақ мұны, жүргізуші де, «сақина» алақанына салынған ойыншы да басқаларына білдірмеуі керек. Осылай жүргізуші ойыншыларды бір немесе бірнеше рет жағалап айналып шығады. Енді бір сәтте ол: «сақина кімде?» деп айқай салады. Осы сәтте қолында «сақинасы» бар ойыншы орнынан атылып тұрып ортаға жетеді. Ал бірақ ол оңай емес. Себебі ойынның шарты бойынша әр ойыншы өзінің сол жағындағы көршісінің әрбір қимылы мен қас-қабағын бағып, орнынан тұрып, ортаға кетіп қалмауын қадағалап отыруы керек. Тұрып бара жатса, иығынан басып, ұстап қалуы тиіс. Алайда, егер «сақина» иесі көршісін қапы қалдырып, ортаға жетіп үлгерсе, онда соны қолдан шығарып алған көршісі ойынды әрі қарай жалғастырады. «Қақпанға түсіру». Ойын мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке, мықтылыққа баулу, ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойын шарты: Бұл қызықты ойын көп уақыт алмайды. Күш жағынан өзара шамалас	пайдалы). Теңіз-жаман, себебі... (суық суда шынықпаған адам тез ауырып қалуы мүмкін, малту білмесе батып кетуі, кемелер соғылуы мүмкін, теңізде акулалар өмір сүреді...т.б.) Ойын осылай жалғаса береді. «Аквариумдағы балықтар». Ойын мақсаты: Балалардың зейінін қалыптастыру, рольге енгізе отырып ойнату. Ойын шарты: Балалар аквариумдағы балықтардың роліне енеді, аквариумдағы балықтардың қимыл-қозғалысын, суда жүзгенін бейнелейді. -Балық болып жүземіз, шынығамыз суда біз! (қолдарын төмен қаратып қимылдатады) Шынықсақ біз бәріміз, шымыр болып өсеміз! (балалар қимылмен көрсетеді) Еңбек: Ауладағы сынған бұтақтарды жинату. Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Балаларға құстар туралы жұмбақ жаттату.
---	---	--	--	--

	Еңбек: Ағаш қалдықтарын жинау. Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балаларға «бұлт, күн» деген сөздерді үш тілде қайталату, бұл туралы жұмбақтар жаттату. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын байыту, жұмбақтарды шешу арқылы логикалық ойлауын дамыту. Баланың өзбетінше ойыны: «Машина» «Түлкі мен қаздар» Тренинг: «Тамшылар»	бастаушы белгіленеді. Бастаушы шеңбердің дәл ортасында тұрып арқанды бір ұшынан ұстап тізеден келетіндей биіктікте біресе жай, біресе қаттырақ шеңбер үстімен айналдыра бастайды. Ойыншылар арқанның үстінен аттап немесе секіріп, оны денесіне тигізбей өткізіп жіберуге тырысады. Арқан тиіп кеткен бала келесі ойыншымен орнын алмастырады. Еңбек: Қайың ағашының түбін қопсыту. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, жинақылыққа, еңбек ету ниетіне тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Балаларға аққайың туралы өлең жолдарын жаттату. Алатауды бөктерлеп, Өсіп тұрған аққайың. Жапырағы көкпеңбек, Жазылады жаз сайын. Мақсаты: Сөздік қорларын байыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуіне мүмкіндік туғызу. Баланың өзбетінше ойыны: 1. «Ұшты-ұшты» 2. Әткеншек тебу.	Еңбек: Ауладағы сынған бұтақтарды жинату. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: «Табиғат-біздің досымыз» деген тақырыпта әңгімелесу. Мақсаты: Сөйлемде толық айтуға үйрету, сөздік қорларын байыту, ойлау қабілетін жақсартып, зейінін, қиялын дамыту. Баланың өзбетінше ойыны: «Ақ серек-көк серек» Құмнан үйлер құрастыру. Тренинг: «Сиқырлы айналу.»	балалар екі топқа бөлінеді, ортадағы сызықтың екі жағына, бір-біріңе қарама-қарсы тұра қалыңдар. Тұрдыңдарма? Ендеше әрқайсысының өз жұптарының қолдарынан ұстап, өздерінің тұрған жаққа қарай тартыңдар. Кімде-кім өзіне қарай тартып алса, сол топ жеңімпаз атанады. Еңбек: Ойын алаңындағы құмды көтеру. Мақсаты: Балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу. Жеке жұмыс: Ө.Табылдының «Бидай» өлеңін жаттату. Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма симаймын. Мақсаты: Сөздік қорын байыту, тілдік грамматикасын дұрыс қалыптастыру. Баланың өзбетінше ойыны: «Қуып жет» Тренинг: «Тілек шоғы».	1.Күндіз тіпті ұшпайды Түнде тышқан ұстайды, Көзі шамға ұқсайды (жапалақ) Орманда жоғары, Ағашқа қонады. Тұмсығын балта етіп, Ток-ток-ток соғады. (тоқылдақ) Құйғылжытып дала күйін, Үй ішіне салады үйін. (қарлығаш) Мақсаты: Балалардың сөздік қорытып молайтып, толық сөйлеуге үйрету. Баланың өзбетінше ойыны: «Аю жүрген орманда» Тренинг: «Дос болайық бәріміз»
Балалардың қайтуы	үйге Ата-аналарға кеңес: «Баланың бақшадағы киімі»	Дербес еркін ойын әреттері	«Ата-анаға психологиялық 10 кеңес».	Дербес еркін ойын әрекеттері	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы ЖШС «Samruk Kids Club» балабақшасы

Балалардың жасы: «Күншуақ» орта топ

Балалардың жасы- 3 жастағы балалар.

Жоспардың құрылу кезеңі 22.04.-26.04.2024

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Д/О «Суретпен жұмыс» Міндеті: зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. (Музыка)	Д/О «Ертегі кейіпкері» Міндеті: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Асатаяқ, тұяқ» Міндеті: Музыка тыңдау Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, тұяқ,) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. (Музыка)	Д/О «Көктем кереметі» Міндеті: етістіктерді келер және өткен шақта қолдану (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. (Музыка)	Д/О «Ертегі әлемі» Міндеті: таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. (Музыка)	Д/О «Суретпен жұмыс» Міндеті: зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану (Сөйлеуді дамыту) Д/О «Музыкалық аспаптар» Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау (Музыка)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Өзіне-өзі қызмет көрсету (тәрбиешінің көмегімен) дағдыларын қалыптастыру» туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О «Тең бе?» Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. (математика негіздері) Д/О «Дала гүлдері» Міндеті: дала гүлдерінің тану және атау, өсімдік бөліктерін	Д/О «Артық-кем» Міндеті: Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру (математика негіздері) Д/О «Жолаушы» Міндеті: Жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру (қоршаған ортамен таныстыру)	Д/О «Салыстыр» Міндеті: бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру (математика негіздері) Д/О «Заттар тобы» Міндеті: Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен	Д/О «Шаршы, дөңгелек» Міндеті: Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері) Д/О «Заттар тобы» Міндеті: Әртүрлі	Д/О «Шаршы, дөңгелек» Міндеті: Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері) Д/О «Кеңістікті бағдарлау» Міндеті: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету

	тану (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу		таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу	заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. (қоршаған ортамен таныстыру)	(қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың дербес әрекеті: Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу
Таңертенгі жаттығу	Таңертеңгілік жаттығу \Затпен 1. қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); 2. заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; 3. допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; 4. аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; 5. иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). 6. отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, 7. таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Тыныс алу жаттығуы (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	ДО «Дала гүлдері» Міндеті: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету (қазақ тілі)	ДО «Жолаушы» Міндеті: Баланың сөздік қорын дамытуда, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. (қазақ тілі)	ДО «Жемістер» Міндеті: Жемістердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру (қазақ тілі)	ДО «Жаңылтпаш» Міндеті: Баланың сөздік қорын дамытуда, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. (қазақ тілі)	ДО «» Міндеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту (қазақ тілі)
ББҰ кестесі бойын	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Қазақ тілі

